



**БҰЙРЫҚ**

2011ж. « 05 » *мамыр*

№ *1-18/420*

**Жасөспірімдермен  
Қорғаныс-спорттық сауықтыру  
лагерлерін ұйымдастыру кезінде  
жауапты лауазымдық тұлғаларды  
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы “Алғашқы әскери дайындық туралы” № 449 қаулысын орындау үшін

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін жасөспірімдермен қорғаныс-спорттық сауықтыру лагері (ҚССЛ) ұйымдастыру кезеңінде:

- Қ.С. Райысов - ҚССЛ бастығы, білім беру бөлімінің әдіскері.
- Н.Ж. Тасыбаев - ҚССЛ штаб бастығы, № 9 ЖОМ АӘД оқытушы – ұйымдастырушы, капитан;
- А.С. Сыздықов – ҚССЛ оперативтік кезекшісі, № 19 ЖОМ АӘД оқытушы – ұйымдастырушы, капитан ;
- В. В. Вайгант ҚССЛ бастығының жауынгерлік дайындық жөніндегі орынбасары, № 26 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушы, капитан;
- Н.А. Липин - ҚССЛ бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, № 36 ЖОМ АӘД оқытушы –ұйымдастырушы, капитан;
- А.П. Лапин ҚССЛ бастығының тыл жөніндегі орынбасары, № 39 ЖОМ АӘД оқытушы –ұйымдастырушы, капитан;
- Б.А.Сыздықов - ҚССЛ штаб бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, № 21 ЖОМ АӘД оқытушы –ұйымдастырушы, майор;
- Т.А. Тайкебаев КОМ АӘД оқытушы – ұйымдастырушы, ҚССЛ штаб бастығының дене тәрбиесі жөніндегі орынбасары болып тағайындалсын.

2. № 9 ЖОМ (Филинская М.Н), № 26 ЖОМ (Паршукова Н.П.), № 36 ЖОМ (Качура Т.Н.), № 39 ЖОМ (Булгакова Е.И.), № 21 ЖОМ (Веневитина Т.Б.), № 19 ЖОМ (Нөгербаев Т.К.) КОМ (Тайкебаева Ж. Т.), директорлары АӘД оқытушы - ұйымдастырушы міндетін атқаруды, оқу-далалық жиынын өткізу кезеңінде оқушылардың өмірі мен денсаулығына жауапты болып дене шынықтыру мұғалімдері тағайындалсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары С.Ш.Сейітоваға жүктелсін.

**Павлодар қаласы білім  
беру бөлімінің бастығы**

**З. Мұқашева.**

Орын; Қ. Райысов 326965



**БҰЙРЫҚ**

2011ж. « 05 » мамыр  
№ 1-18/421

**ПРИКАЗ**

№ 1-18/421  
« 05 » мағ 2011г.

**Павлодар қаласы мектептерінің  
жасөспірімдерімен қорғаныс-спорттық  
сауықтыру лагерін ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы «Алғашқы әскери дайындық туралы» № 449 қаулысын орындау үшін

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шарбақты ауданы Шарбақты ауылындағы «Орман ертегісі» демалыс үйі ЖШС базасында 2011 жылғы 16-20 мамыр күндері аралығында Павлодар қаласы мектептерінің оқушыларымен қорғаныс-спорттық сауықтыру лагері (ҚССЛ) ұйымдастырылсын.

2. ҚССЛ жеке құрамының жиналу орны Қалалық мәдениет сарайының алдындағы алаң болып белгіленсін.

3. ҚССЛ жеке құрамы бір мезгілде жолға шықсын:

- сапарға шығу мерзімі 16 мамыр күні, жиналу уақыты сағат 10.00-де;

4. АӘД күнделікті басшылық жасау, әскери-патриоттық тәрбие беру және спорттық-көпшілік жұмыстар үшін ҚССЛ ұйымдастыру кезеңінде жасөспірімдер қатарынан роталар жасақталсын және келесі рота командирлері тағайындалсын:

- құрамында № 12,19,22,24,25,26,33,35 мектептер бар 1-ші ротаның командирі болып № 33 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы майор С. Қайдаров;

- құрамында № 2,5,9,27,28, мектептер бар 2-ші ротаның командирі болып № 28 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы сержант Д.Б.Омаров;

- құрамында № 1,7,13,17,20,39, мектептері бар 3-ші ротаның командирі болып № 17 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы капитан Н.Т. Жансүгіров;

- құрамында № 14,24,29,41,42 мектептер бар 4-ші ротаның командирі болып № 24 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы майор Ю.И.Нижников;

- құрамында № 6,11,18,21,30,34, 40, МИ-2 мектептер бар 5-ші ротаның командирі болып № 11 С.Қ.Байсугуров ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы капитан;

- құрамында № 4,16,23,26,36, 43, КОМ мектептер бар 6-ші ротаның командирі болып № 43 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы, запастағы , запастағы капитан П.К.Масунов;

5. ҚССЛ бастығы және АӘД әдіскері Қ.С. Райысов жолға шығардан 3 күн бұрын роталар, взводтар командирлері, АӘД оқытушы-ұйымдастырушыларымен біркүндік оқу-әдістемелік сабақтар өткізілсін.

6. Мектеп директорлары, АӘД оқытушы-ұйымдастырушылары 10-шы сынып оқушыларының ҚССЛ-ге жан-жақты дайындығын қамтамасыз етсін:

- 2011 жылғы 7 мамырға дейін оқу-далалық жиынға қатысатын оқушылардың денсаулық жағдайын тексерсін;

- ҚССЛ қатысатын жастардың ата-аналарын олардың қатысуы туралы жазбаша хабардар етсін;

- ҚССЛ барардың алдында бөлімшелер, взводтар жасақталсын;

- 10-шы сынып жасөспірімдерімен саптық байқау өткізсін;

- жиын өтетін орынға жастарды және қажетті мұқамалды жеткізуді ұйымдастырсын.

7. ҚССЛ баратын әрбір жасөспірімді мынадай заттармен қамтамасыз етсін:

- Калашников автоматы қаруының макеті;

- ГП-5 газға қарсы құралы;

- қабы бар шағын сапер күрегі;

- 700 гр.- 2 дана, 1100 гр.- 2 дана оқу гранаталары;

- біркелкі бас киім;
- ауыз суға арналған құты (фляжка).

8. Әрбір оқу орны ҚССЛ бағдарламасын толық орындау үшін АӘД оқытушы-ұйымдастырушысын келесі мұқамалмен қамтамасыз етсін:

- көгілдір повязка - 5 дана, қызыл түсті - 5 дана;
- ақ, қызыл жалаушалар – 25 дана;
- автомат қаруының макетін сақтау үшін пирамида;
- лагерлік жиын бағдарламаларының тақырыптары бойынша конспекты және плакаттар;
- «Юнкер-2» АК макеті
- 1 қорап оқ (400 дана), «Юнкер»- 2 АК макетіне арналған газды баллончик;
- 5 данадан бойлық және кеуделік нысаналар;
- ұзындығы 25 метрлік кір ілетін жіп, трассировка орындау және тактикалық алаңды жабдықтау үшін ұзындығы 80 см колья;
- жалпы әскерлік қорғаныс кешені (ЖӘҚК);
- Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің жарғылары;
- химиялық барлау әскери құралы;
- кеңсе тауарлары (қарандаш, бояулар, скотч, файлдар, А-4 форматты қағаз);

9. ҚССЛ ұйымдастыру кезінде жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының сақталуына жауапкершілік туралы мектеп бойынша бұйрық шығарсын. Жауаптыларға қол қойдырып таныстырсын.

10. Роталар, взводтар командирлерінің жұмысын үйлестіру, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру үшін келесі құрамда әдістемелік кеңес құрылсын:

1. Райысов Қ.С - білім беру бөлімінің әдіскері;
2. Тасыбаев Н.Ж. - № 9 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;
3. Вайгант В.В.. - № 26 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;
4. Липин Н.А. - № 36 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;
5. Тәйкебаев Т.А. - КОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;
6. Сыздықов Б.А - № 21 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;
7. Сыздықов А.С. - № 19 ЖОМ АӘД оқытушы-ұйымдастырушысы;

11. Білім беру бөлімінің әдіскері Қ.С. Райысов роталарды сапқа тұрғызу, сабақтар өткізу, таңғы жаттығулар және спорттық іс-шаралар өткізетін орындарды белгілесін.

- жеке құрамның белгіленген күн тәртібі мен сабақтарда қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауын қамтамасыз етсін;

- лагерьде ішкі қызмет және қарауылдық қызмет жарғыларының талаптарына сәйкес тәулік бойына жасауыл қызметі ұйымдастырылсын;

- АӘД бағдарламаларында белгіленген нормативтер бойынша бақылау сабақтарын өткізсін.

12. Лагерь бастығының тыл жөніндегі орынбасары, запастағы капитан А.П.Липин оқушыларға қажетті тұрмыстық қызмет көрсету бойынша барлық шараларды қолдансын.

13 Оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау жауапкершілігін АӘД ұйымдастырушыларына және дене шынықтыру мұғалімдеріне жүктелсін.

14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары С.Ш. Сейітоваға жүктелсін.

Павлодар қаласы  
білім беру бөлімінің бастығы



З.Мұқашева

Білім беру бөлімінің  
әдіскері Қ.Райысов